

Ақтөгай ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы

Павлодар облысы Ақтөгай аудандық мәслихатының 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 344/74 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 8 қаңтарда № 7174 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының 8-бабы 2-тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес, Ақтөгай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің 1 – қосымшасына сәйкес Ақтөгай ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар айқындалсын.

2. Осы шешімнің 2 – қосымшасына сәйкес Ақтөгай ауданында пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары айқындалсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақтөгай аудандық мәслихатының әлеуметтік сала және занылышық жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөгай аудандық мәслихатының сессия төрағасы

Б. Алханов

Ақтөгай аудандық мәслихатының хатшысы

Ж. Ташенев

Павлодар облысы

Ақтөгай аудандық

мәслихатының

2021 жылғы 8 қаңтардағы

№ 344/74 шешіміне

1- қосымша

Ақтөгай ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру

**және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық
және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар**

1. Ақтогай ауданында жиналыс, митинг нысанында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орын:

Ақтогай ауылының М. Горького көшесі, 86 бойынша орналасқан Мәдениет үйінің алды.

Жиналыс, митинг нысанында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін шекті толу нормасы - жұз адам.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облысы Ақтогай аудандық мәслихатының 26.04.2021 № 31/5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Демонстрациялар, шерулер нысанында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін маршрут:

Ақтогай ауылының Абай көшесі (Дубовой тұйық көшесінен Храмов тұйық көшесіне дейін). Шекті толу нормасы - жұз адам.

3. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі:

- 1) өтініште көрсетілген уақыт ішінде арнайы орын аумағында болу;
- 2) ғимараттардың, құрылыштардың, шағын сәулет нысандарының, жасыл екпелердің, сондай-ақ өзге де мұліктің сақталуын қамтамасыз ету;
- 3) санитариялық нормалар мен қауіпсіздік техникасының қағидаларын, Қазақстан Республикасының қоғамдық құқық тәртібін сақтау жөніндегі заңнамасын сақтау.

4. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар:

- 1) көше жарықтандыруының болуы;
- 2) бейнебақылау камераларының болуы;
- 3) тұрақ орындарымен қамтамасыз етілуі.

Павлодар облысы

Ақтогай аудандық

мәслихатының

2021 жылғы 8 қантардағы

№ 344/74 шешіміне

2 - қосымша

**Ақтогай ауданында пикеттеуді өткізуге тыйым салынған
іргелес аумақтардың шекаралары**

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы Ақтогай аудандық мәслихатының 07.02.2024 № 107/14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Пикеттеуді мынадай объектілердің іргелес жатқан аумақтарының шекарасынан 800 метр қашықтықта:

- 1) жаппай жерлеу орындарында;
- 2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтарда;
- 4) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарда;
- 5) магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыржолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда жүргізуге жол берілмейді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК